

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	03.10. - 07.10.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Ата-анаға балабақшаға уақытында келуді ескерту.				

әңгімелесу, кеңес беру	"Қош келдің, Алтын күз!" тақырыбына жоба ұйымдастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, адал жұмыс істеу, тәртіпке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинау мен тәртіпке келтіру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	Үстел үсті ойыны."Лото". Мақсат-міндеттері.	Үстел үсті ойыны "Лото. Жеміс-жидектер мен	"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.	Саусақ жаттығуы. "Топ, топ добым домалақ".	"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.

	Балалардың зейін, логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) "Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары. Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдік, ептілік,	көгөніс. Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтқызу. Ойын шарты. Көгөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау мен гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттері. Саналы логикалық ойлауды, еске сақтауды, зейінді жетілдіру. Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойында бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше	Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің (қарым-қатынас іс-әрекеті) Үстел үсті ойыны. "Сиқырлы сандар". Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту.	Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) "Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуді үйрету. (дене шынықтыру) Еркін ойын. "Тыйым салынған қозғалыстар". Мақсат-міндеттері. Еске сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ойын барысы.
--	---	--	--	---	---

	қозғалыс жылдамдығы сезімін дамыту; бірлескен ұжымдық іс-әрекетке, тапқырлықты үйрету. (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру) Еркін ойын: "Кім епті?" Мақсат-міндеттері. Допты лақтыруға және ұстауға машықтандыру. (дене шынықтыру)	Үстел үсті ойыны "Лото. Жыл мезгілдері". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдануы мүмкін. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) "Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жүзеге асыру. Еркін ойын. "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар	Балалар сандар мозаикасын құрайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Ойыншылар шеңберге тұрады, педагог ортаға шығады. Ол олардың қайсына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды. Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4-5 қайталаудан кейін өзгерту керек. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)
--	---	---	---	---	--

			дөңгелене шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалардың сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, ол жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және		
--	--	--	---	--	--

			тағы басқа. Орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою-өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, жан-жағына қарауға болмайды. Бір-бірін итеруге, күш көрсетуге жол берілмейді. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)		
Таңертеңгі жаттығу	1. "Секіртпені сөз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы:				

	Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін,

	Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Күз туралы жұмбақтар шешу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Күз туралы тақпақтар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	"Күз" тақырыбына байланысты мнемочарточкалармен жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпі"	Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпін қайталау"	Сауат ашу негіздері "[н] дыбысы және Н н әрпін қайталау"	Математика негіздері "Қанша салсаң,	Сауат ашу негіздері "[н] дыбысы және Н н әрпін қайталау"

ұйымдастырылған іс-әрекет	Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін таныстыру. Қазақ тілі "Жыл мезгілдері. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларға «күз», «жапырақтың түсуі» ұғымдарын; «алтын күз» туралы түсініктерін одан әрі дамыту; Г әрпі және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғи құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру;	Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін қайталату. Математика негіздері "Сайқымазақтарды кім санапты?" Мақсат-міндеттері. Балаларда "үш" саны туралы түсінік қалыптастыру; "үш" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "екіден" құрылатыны туралы түсінігін дамыту. Музыка "Кел, ән тыңдайық!" Мақсат-міндеттері. Балаларды музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажыратуды	Мақсат-міндеттері: [н] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Мүсіндеу "Күзгі жапырақтар". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз туралы білімдерін кеңейте отырып, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру. Дене шынықтыру "Достарыңа көмектес" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) екі аяқпен секіруді пысықтау.	сонша жинайсың". Мақсат-міндеттер: балалардың "төрт" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Сөйлеуді дамыту Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдерінің ішіндегі бағаланатын күз мезгілінің ерекшелігін ашып түсіндіру, күз байлығы туралы	Мақсат-міндеттері: [н] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйретуді пысықтау. Мүсіндеу "Күзгі жапырақтар" Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін кеңейту, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру. Дене шынықтыру "Достарыңа көмектес" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; екі аяқты қосып заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) секіру дағдысын
---	--	--	--	--	--

	суреттерге сүйене отырып, балалардың «күз» тақырыбында интеллектуалды карта құра білуін дамыту, «күз» ұғымын анықтайтын негізгі сөз тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркемсөзді қолдануға бейімдеу. Дене шынықтыру "Кішкентай доптар". Мақсат-міндеттері. Балаларды тізенің арасына қапшықты қысып, екі аяқпен секіруді үйрету.	үйрету. Сөйлеуді дамыту Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшелігін бақылату.	Көркем әдебиет "Жұмбақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдау, жауабын табуды үйрету.	әңгімелеу. Музыка "Күз қазан". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Қияр қалай өсіп шығады?". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністердің өсіп шығуы туралы түсініктерін жетілдіру; бақшада жұмыс істеу түрлерімен	пысықтау. Көркем әдебиет "Жұмбақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдауды, жауабын табуды үйрету.
--	--	--	--	---	---

	Қоршаған ортамен таныстыру "Себет толы көгөніс пен жеміс". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін тиянақтау; күз мезгіліне тән құбылыстарды бақылай білу қабілеттерін жетілдіру.			таныстыру; қиярды өз қолымен өсіру іс-тәжірибелерін жасау арқылы қияр туралы ұғымдарын толықтыру; танымдық үрдістерін дамыту; бір-бірін мұқият тыңдап, қойылған сұраққа нақты және толық жауап бере білуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштікке баулу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін күн райы	Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрету. Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін	Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауу құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта	Жаңбырды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту Жауынның алғашқы белгілерін байқау: қалың бұлт, қара бұлт, түнерген бұлт. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту (су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, ол жерге жауын болып жауады; егер тамшылар кішірек болса жауын сіркірейді, ірі	Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Суды үнемді пайдалану туралы түсініктерін бекіту. Тәжірибе. "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады". Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стақанға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары,

қандай? Бүгін аспан қандай? Аспаннан нені көреміз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғала ма немесе қозғалмай ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың айтқан жауаптарын және бейнелі сөздерін мақтаңыз. Көркемсөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін.	шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендер, теңіздер мен шалшықтардағы және басқа жердегі судың булануынан ауада әрдайым су буы болатынын, бірақ біз оны көрмейтінімізді түсіндіріңіз. Бу аспанға көтерілгенде аспанда бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, барлық тамшылар бірге жиналып, үлке және ауыр болып жерге түседі, жаңбыр жауады.	лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ жауу - табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. Экологиялық міндет: судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. Көркемсөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең	тамшылар жаңбыр болып жауады; әр бағытта, тура, қисық). Жазда жауын әртүрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін. Бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын айту керек. Жерден жоғарыда ауа өте суық, ол жерден көтерілген буды суытады. Күзде жансыз табиғат	қызыл). Судың түсі суға қандай түсті қосатынымызға байланысты. Қорытынды. - Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез келген түске оңай бояуға болады.) Көркемсөз Самал жел, бізді желдетші, Күн нұры, бізді жарқырат. Таза ауа, дем берші, Мөлдір су, бізді салқындат. Дидактикалық ойын. "Батады-батпайды". Мақсат-міндеттері. Заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.
---	---	---	--	---

Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. Жұмбақ Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт.) "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге	Көркемсөз Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі. "Мен - түлкі!" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу.	нөсерлет. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.	құбылысына қызығушылығын дамыту. Көркемсөз Жаңбыр-жаңбыр жауады, Тамшылары тамады, Ойнап, ойнап, аламыз, Ойын сауық саламыз! Жау аяма нөсерле, Сенсіз бір түп өсе ме? Кұйып, құйып өтпесең Бұлт жөніне көшер ме? Жұмбақтар Тіл былдыр, үні сылдыр. (Жаңбыр.) Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай.) Мақал-мәтел. Жаңбыр жауса – жер ырысы. Еңбек: жағалаудан қолөнерге жарайтын	"Су қандай?" Балалар суды сипаттайды. Мақсат-міндеттері. Салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу. "Сумен ойындар". Үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құяды, қуыршақтарды жуындырады және тағы басқа. Еңбек: ойыншықтарды жуу
---	---	--	--	--

дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Д. Ахметова "Әткеншек". Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу	Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал ойын жүргізушісі (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Содан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар болса, жан- жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып	Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады: - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды	малтатастарды жинау. (еңбек іс- әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ортақ мақсат үшін саналы жұмыс істеуді үйрету. "Бояулар" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) жеткізбеуге тырысу, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап	(оларды өңдеуге болады), төсенішке жаю, кептіру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір-бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе: "Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Осы топтың ішінен, Анар атты қыз (Асан атты ұл) керек!" -
--	---	---	--	--

	үшін, балаларды бір жаққа бұрып, шеңбер ортасына қаратып тұрғызу керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еңбек: балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр".	құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Қозғалыстарды дамыту жыттығулары: жүгіріп ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсаты: ұшу ауқымын дамыту. Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-	жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеуге міндетті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршыпта, Кезікпеймін қырсыққа,	қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала қаша жөнеледі. Ал диалог әрі қарай жалғасады:	деп шақырады. Анар күш жүгіріп барып, қолдарын үзіп өту керек. Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Баланың шапшаңдығын, күштілігін айтып мақтап жүреміз. "Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қиялды дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсету. Еркін ойын ойнау.
--	--	--	--	---	---

	Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, жылдамдығын, зейінін дамыту. Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді және тағы басқа. Тәрбиеші "Жанбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде,	әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. Еңбек: гүлзарларды суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуді; өсімдіктерге қамқорлық жасауды үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір	- Бояудың бағасы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген мөлшерде қаққылайды, "бояуды" қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. "Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)	
--	---	--	--	--	--

	балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (тек қана секіру, арқаны алдыға қаратып жүгіру және тағы басқа) Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)		бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.	Мақсат-міндеттері. Лақтыру ептілігін, икемділікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Еркін ойын ойнау.	
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқкиімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныш, есікті тарсылдатпай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою. Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, әбден тазарғанша жуу дағдысын дамыту.				

	Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толыққанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қайталау. Көркемсөз Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, Тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан түйірлерін жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айту әдеп үлгілерін қайталау. Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануды әдетке айналдыру. Нанды үгітпеу, орындықты дұрыс қою, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануға жағымды қатынасты тәрбиелеу. Көркемсөз Тағы, міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын.	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын гигиеналық іс-шараларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту. Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. Маңдайымнан сипайды, Саусағының саласы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану, ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш отыру әдетін дамыту. Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

	қарымын. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	өмірдің сәні бар. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)		
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан біртіндеп тұру (музыка ақырын ойнап тұр). Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (мәдени-	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1. «Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру.	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени- гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. Көркемсөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтай ойнақтап, Тастан-тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. «Ұшақ» жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту. Көркемсөз Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын. Жаттығуды жасайық, Ұйқымызды ашайық!	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Көркемсөз Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді

	гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)	4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру. Көркемсөз - Балапандарым, ұйқыдан тұрайық. Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)	Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)	көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір-біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға және солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар	Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап	Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты.	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, өмірге нық сеніммен қарау (оптимизм) сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы,	Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес
---	---	---	--	---	---

	салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің	айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауыстап жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып	Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық	адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда қолшатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттері. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау	сөздерді тауып айту керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяқкіім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)
--	--	--	---	---	--

құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сән көрсету подиумы". Мақсат-міндеттері. Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель мамандығы туралы түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді	отырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр,	іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлік жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке,	салттары жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды нақпішіндері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында	Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп". Мақсат-міндеттері. Адамның білім алуында мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке,
--	---	---	--	--

игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамды құрметтеу, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Құралдар. Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірге түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында алдын ала әңгімелеседі. Әңгімелесулер барысында педагог балаларға сән	педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); қолғап (перчаткалар), халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында балалармен бірге сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен	еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы),	әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегі жасау керектігін жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күні иесін балалар санамақ	ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке экскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын ала қарап, мұғалім мен оқушылар туралы әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке
--	---	---	--	--

	көрсету, подиум туралы, киім үлгісінің дизайнері, фотосуретші, модель бала (қыз бала, ұл бала) туралы нақтылы түсініктерді ұсынады. Педагог көрнекі материалдарды дайындаған кезде балалар сән үлгілеріне көңіл аударуы керек. Балалар дизайнерді таңдап, ол киім үлгілерін дайындайды, модель балаларға киім үлгілерін көрсетеді; көрсетілім өткеннен кейін, сахнаға шығып, құрметін білдіреді. Фотосуретші - модель (сән үлгісін көрсетуші) балалардың жүрісі	татанысады, дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдынала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қай маман, қай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандардың рөлін бөліп алады немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім мен құралдарды алып, өз орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз	жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай	арқылы тағайындау мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады; қонақтардың дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-	ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында, мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)
--	--	--	--	--	--

	кезінде оларды фотосуретке түсіріп жатады. Модель балалар өз киім үлгілерін подиум жолымен асықпай жүріп, көрермендерге киім үлгісін ұсынады. Ұлдар мен қыздардың жүрісі бөлек болады, бұны ескеру керек. Қалған балалар көрермендер болып, өз орындарына қатарға отырады, көрсетілімді тамашалайды, қошемет көрсетеді. Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар	мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету жайында айтады. Алғашында, педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты қоюға жаттықтырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру және жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	сауық шараларының қызықты ойластырылғаны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	
--	---	---	--	--	--

	қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: дизайнер болу үшін киім үлгісін әдемі салу керек, киімді әдемі тігу керек; модель (сән үлгісін көрсетуші) болу үшін әдемі жүріп, суретке, көрерменге киімнің үлгісін әдемі жағынан көрсету керек; фотосуретші суреттерін әдемі шығару керек; модельдер киімді киіп, көрермендерге тамашалату керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті,				
--	---	--	--	--	--

	шығармашылық іс-әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Барысы. Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, педагогтің тапсырмасына үндеместен жауап	Саусақ театры. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. (шығармашылық іс-әрекеті)	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы. Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусым бейнеленген	Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқайдарұлы "Күз" . Алма, өрікті қамбаларға қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз.	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Астана- еліміздің бас қаласы. Ол әдемі, үлкен қала. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)

	беруі тиіс (ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды. Тапсырмалар: а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, ұшбұрыштарды қойыңдар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді); б) мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді); в) дәл осындай пішінді көрсетіндер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды		суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті)	
--	---	--	--	-----------------------------------	--

	көрсетіндер. Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады. Ойын барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды табуды үйренеді. (танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп жинау, орнына ілу, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру, - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Алтын күз тақырыбында әндер жаттау. Күй тыңдату, аспаптармен таныстыру. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында алтын күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар. "Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың құбылыстар туралы білімдерін бекіту; ойлауды, еске сақтауды, зейінді дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген маусымға тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың жыл мезгілінің атауын табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын тек бір сөзбен айтып қана қоймай, жауабының себебін түсіндіруге ынталандыру. "Кім жылдам жинайды?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Көкгөністер мен жемістерді ажыратуды үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты: тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкгөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ заттарды жылдам, әрі дұрыс жинайды, сол топ марапатталады. Ойынды топ бөлмесінің ішінде немесе аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады. (шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік	Балалардың тазалығы туралы ата-	Ата-анаға балабақшаға	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	"Қош келдің, Алтын күз!" атты

аналарға кеңес)	орындарда мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	аналармен әңгімелесу.	уақытында келуін ескерту.		тақырыбында жоба ұйымдастыру.
-----------------	---	--------------------------	------------------------------	--	----------------------------------